



ФАРМАЦИЯ ИНСТИТУТЫ
ПІКІР

6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша

PhD докторанты Тулемисов Сакен Кутимхановичтің

«Фармацевтикалық кәсіпорынды дамытудағы жобаларды басқарудың негізгі аспектілері»
тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін іздену диссертациялық

жұмысына ғылыми кеңесші, фарм.ғ.д.

Датхаев Убайдилла Махамбетовичтің

ПІКІРІ

Тұрғындардың денсаулығы әрбір мемлекет дамуының негізгі факторларының бірі болып саналады. Қазақстан Республикасының дәрі-дәрмектік саясаты мемлекеттің медициналық ұйымдары мен тұрғындарын тиімді, қауіпсіз және қолжетімді дәрілік заттармен қамтамасыз ету ұстанымдарынан тұрады. Отандық фармацевтикалық нарықтың шетелдік дәрілік заттарға деген тәуелділік жағдайында өзіндік фармацевтикалық өнеркәсіпті құру еліміздің экономикалық тәуелсіздігінің ең басты міндеттерінің бірі болып келеді.

Отандық фармацевтикалық өндірісті дамытуға бағытталған мемлекеттің саясаты ұзақ мерзімді «Қазақстан-2050» Стратегиясының басымдығына, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі «Экономиканы әртараптандыруды жеделдету» Стратегиялық даму жоспарының маңызды бағыттарын жүзеге асыруға, Қазақстанның дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру Концепциясына, сондай-ақ шетелдік инвесторлар Кеңесінің Қазақстан Республикасының Президентімен өткен XXVI пленарлық отырысында Мемлекет басшысының тапсырмасы және Қазақстан Республикасының Президентінің 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауының шеңберінде жасалған Қазақстан Республикасы Президентінің №874 Жарлығына сәйкес 2015-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік индустриалды-инновациялық бағдарламасына негізделеді. Бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірі болып, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру аясында жаңа кәсіпорындардың құрылысын салу саналады.

Алайда, жаңа фармацевтикалық кәсіпорынның құрылысын жүргізу аймақ деңгейінде жүргізілетін ауқымды жоба болып саналғандықтан, фармацевтикалық өндірісті дамытудың әртүрлі варианттарын жасау үшін жобаларды басқаруды жүргізу керек. Бұл диссертациялық жұмыстың тақырыбы мен мақсаттарын алдын ала айқындады.